



• БІЛІМ

Еңбек ету мерзімі өзгереді

Қазақстанда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған кейбір түлектер үшін міндетті еңбек ету мерзімі өзгерді. Тиісті түзетулер мамандық жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығындарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, сондай-ақ, міндеттен босату немесе оны тоқтату қағидаларына енгізілді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа талапқа сәйкес, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша авиациялық мамандықтарда білім алған түлектер оқу орнын аяқтағаннан кейін кемінде бес жыл жұмыс істеуге міндетті. Бұл ретте олар меншік нысанына қарамастан кез келген ұйымда еңбек ете алады.

Ал, басқа мамандықтар бойынша білім алған түлектер үшін міндетті еңбек ету мерзімі бұрынғыдай кемінде үш жыл болып қала береді.

Сонымен қатар, бейін бойынша доктор бағдарламасында оқыған докторанттарға да жеке талаптар белгіленді. Олар оқуын аяқтағаннан кейін кемінде үш жыл жұмыс істеуі тиіс. Докторанттар білім беру ұйымдарында, ғылыми ұйымдарда, мемлекеттік органдарда немесе білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін басқа да ұйымдарда еңбек ете алады.

Тиісті бұйрық 25 тамыздан бастап күшіне енеді.

Қамданғанның қамбасы орта болмайды



Қолжазба жасаған Арушан Каспиев

Жердің несібесін теріп, елдің ырысын еселеу – қырдағы шаруаның ежелгі мұраты. Бірақ, биыл табиғат оқыс мінез танытты. Жауын-шашынның аздығы мен аптап ыстық дала өртінің қауіпін күшейтсе, орақты кешіктіруге әсте мүмкіндік бермесі анық жай. Сондықтан, аймақта қауіпсіздік шаралары мен жиын-терім жұмыстары қатар пысықталып, жауапты кезегте дайындық барысы таразыланды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі аппараттық кеңес кіріспесінде өңірдегі төтенше жағдайлардың алдын алу және ықтимал қауіптердің салдарын барынша азайту мәселелеріне айрықша назар аударды. Маңызды жиын басында облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының және ау-

дан әкімдерінің жағдайға қатысты баяндамалары тыңдалып, елдімекендердегі қауіпсіздік шараларының орындалу барысы сараланды.

– Дала өрттері Шет, Ақтоғай, Бұқар жырау және Қарқаралы аудандарында тіркелді. Өрт ошақтарын оқшаулап, толық сөндіру, елдімекендерді мейлінше қорғау үшін Төтенше жағдайлар министрлігі мен жергілікті атқарушы органдардың күштері мен құрал-

дары жұмылдырылды. Оқиға орнына 620 адамнан тұратын жеке құрам және 134 техника бірлігі жіберілді. Жағдайға тұрақты мониторинг жүргізілуде, – деді ТЖД бастығы Марғұлан Аманбаев.

Спикердің айтуынша, өртті ауыздықтау жұмыстарына секундына 20 метрге дейін жеткен қатты жел айтарлықтай кедергі келтіріп отыр. Жел екпіні жалынның таралу қарқынын күшейтіп, өрт сөндірушілердің жұмысын күрделендірді. Мәселен, Қарқаралы ауданында өрттен зардап шеккен 1989 және 1970 жылы туған екі ер адам медициналық көмекке жүгінген. Бірінің денесінің 10 пайызы, екіншісінің 20 пайызы күйік шалған. Қазіргі таңда екеуі

де ауруханада қажетті ем-дом қабылдап жатыр. Дәрігерлер зардап шеккендердің жағдайын тұрақты деп бағалауда.

Қарқаралы ауданының әкімі Саят Мусиннің айтуынша, Жаңа-тоған ауылы маңындағы өртті ауыздықтау жұмыстарына екі жедел топ жұмылдырылған. Қазіргі таңда өртпен күреске барлығы 159 адам мен 52 техника жұмылдырылып, жағдайды тұрақтандыру бағытында қажетті шаралар кешені жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, аудан әкімі Бесоба ауылы маңындағы қыстауларға жақын жерде тіркелген үш өрттің толық сөндірілгенін атап өтті. Ақтоғай және Шет аудандарындағы жағдай тұрақты. Табиғи өрт ошақтары



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

толық сөндіріліп, аумақтар бақылауға алынды. Тиісті қызметтер жағдайды жіті бақылауда ұстап, өрттің қайта тұтануына жол бермеу және ықтимал қауіптердің алдын алу бойынша кезекшілік жүргізуде.

– Ыстық ауа райы мен қатты желге байланысты дала өрттерінің туындау қаупі әлі де сақталады. Сондықтан, жағдайды тұрақты бақылауда ұстау қажет. Жергілікті әкімдіктер ТЖД-мен тығыз байланыста жұмыс істеуі тиіс, – деді Ермағанбет Бөлекпаев өз кезегінде.

Аптапты аспан астында егіс алқаптары комбайндарды әдеттегідей менмұндалап күтіп тұрғандай. Жауын-шашын кемдеу жауғанмен, топырақтың нәрі кемімеген. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Ануар Түлөбеков ұсынған мәліметтер биылғы науқанның ауқымын айқындайды. 2026-2027 жылдарға арналған жемшөп дайындау жоспарына сәйкес, облыста 1 млн 952 мың тонна шөп, 153 мың тонна сүрлем, 131 мың тонна пішен-деме және 286 мың тонна сабан әзірленуі тиіс. Орақ науқанына 8 400 трактор, 4 940 тіркеме, 3 222 шөпшапқыш, 2 831 шалғы мен тырма және 914 рулонды престеуіш жұмылдырылмақ. Иә, қалыптасқан қуаңшылық пен өрт қаупінің жоғары болуы аудандардан жиналған жемшөпті жедел тасып әкетуді талап етеді. Қыр төсінде қапы қалудың өтеуі қымбатқа ұрындыруы да қолд келмейді.

– Дәнді дақылдар алқабын қысқарту есебінен егіс алқаптарын әртараптандыру жұмысы биылғы егіс құрылымын едәуір өзгертті. Биыл майлы дақылдар 114,1 мың гектар алқаптан жиналмақ. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 28,7 мың гектарға артық.

► 2-бет

Жол жауапсыздықты кешірмейді

Тасжол тактайдай тегіс болып, әр бұрылыста ескерту белгісі мен заманауи бақылау камерасы менмұндалап тұрса да, жол апаты неге азаймайды? Мәселе – жолдың сапасында емес, тізгіншінің салғырттығында. Жылдамдықты шектен асыру, қарсы жолаққа шығып кету, рөлде отырып телефонға алаңдау мен ішімдік ішіп, көлік басқаруға отыру – санаулы секундта талай тағдырды тас-талқан етеді. Сонда бізге жетпей жатқаны қатаң талап па, әлде ішкі мәдениет пен жауапкершілік пе?

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сан сөйлесе, салғырттық аңғарылады

Аймақтың кейінгі үш жарты жылдағы жол-көлік ахуалы көңіл көншітпейді. 2023 жылдан бастап, биылдың алғашқы алты айын қоса есептегенде өңірде 3 354 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Соның салдарынан 572 адам қаза тауып, 4 049 адам түрлі дәрежеде



Суреттің авторы: Айгүл Байтұрған

жарақат алған.

Облыстың полиция департаментінің жүргізген сараптамалық талдауы апаттың басым бөлігінде адам факторы тұрғанын аңғартады. Жол-көлік оқиғаларына көбіне жылдамдықты асыру, жаяу жүргіншілер өткелінен өту тәртібін бұзу және қарсы қозғалыс жолағына шығу себеп болады.

Тасжолдың табиғаты да әр алуан. Қала ішінде бір қауіп болса, ұзақ сапарда оның сипаты мүлде бөлек. Әсіресе, еліміздің кіндігінде жатқан кеншілер өлкесі үшін бұл мәселенің салмағы орасан.

– Жолдағы қауіптің және бір қыры – өңірдің транзиттік әлеуетімен сабақтас. Ел орталығында орналасқан аймақ арқылы күн

сайын қыруар көлік өтеді. Әсіресе, жаз мезгілінде алыс сапарға шығатын жолаушылар көбейіп, жүк тасымалы жанданып, республикалық маңызы бар жолдардағы қозғалыс қоюлана түседі. Облыста қауіптілігі жоғары бағыттардың қатарында «Астана-Қарағанды-Алматы» және «Қарағанды-Аягөз-Тарбағатай-Бұғаз»

күрежолдары бар. Мұндағы қатер тек көлік ағынының көптігінен емес. Кей жүргізушілер мың шақырымнан астам жолды ұйқысыз, тынықпай еңсеруге тырысады. Ал, ұзақ сапардағы қалжырау назарды әлсіретіп, рөлде қалғып кету қаупін еселейді, – дейді облыстың полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының бастығы Бағдат Кәкімов.

Алыс жолдың жайын күнделікті кәсібінен жақсы білетіндердің бірі – қалааралық бағытта жолаушы тасымалдайтын Олжас Рақымбек.

– Әр жол учаскесінде жылдамдық шектеуі әртүрлі. Біз бір бағытпен ғана жүрмейміз, қай жаққа ұсыныс түссе, сол жаққа тартып отырамыз. Дегенмен, аптықпай, белгіленген жол ережесін сақтау – бәріміздің ортақ міндетіміз. Жол үстінде асығыстықтың соны ауыр жағдайға әкелгенін талай көрдік. Сондықтан, меніңше, қалааралық бағыттарда бақылау мен профилактикалық рейдтерді мейлінше күшейткен жөн. Ең бастысы, жүргізушінің өзі де жолға шығарда жауапкершілікті сезінуі керек, – дейді ол.

Расында, ұзақ жолда жылдамдықты шектейтін белгі ғана емес, жүргізушінің өз шамасын білуі де маңызды. Көз ілініп, дене қажып,

назар төмендегенде діттеген жерге тез жетудің өзі неғайбыл? Уақыт үнемдегеннен гөрі, межелі жерге аман жетудің салмағы әлдеқайда басым екенін естен шығармау қажет.

Өзгенің өміріне қатер

Рөлдегі жауапкершілік жол ұзақтығымен өлшенбейді. Кей жағдайда қатер жүргізушінің жолға шықпай тұрып қабылдаған шешімінен басталады.

2023 жылдан биылдың алғашқы жартыжылдығына дейін облыста көлікті мас күйде тізгіндеудің 4 294 фактісі тіркелген. Ал, 2024 жылдан бері жүргізуші куәлігі жоқ немесе көлік басқару құқығынан айырылған 960 адам рөлде ұсталған.

– Мас күйде көлік басқаруды жай ғана «қателік» деп жұмсартуға әсте жарамайды. Өйткені, ондай адам жолға шыққан сәттен бастап өзінің ғана емес, жанындағы жолаушының, сонымен қоса, қарсы бағытта келе жатқан жүргізушінің, жол жиегіндегі жаяу жүргіншінің де өміріне қауіп төндіреді. Ал, көлік басқару құқығынан айырылғанына қарамастан қайта тізгінге отыру – заң талабын біле тұра тәртіптен аттау.

► 2-бет

Қамданғанның қамбасы орта болмайды



(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен қатар, 12,1 мың гектар картоп пен 1,2 мың гектар көкөніс алқабы да орақ науқанының картасына қосылды. Алдын ала есеп бойынша, барлық комбайн тәуліктік өнімділігін толық пайдаланған жағдайда, 43,2 мың гектар алқаптағы дәнді дақылдарды жинау 24 жұмыс күнін алады. Ал, 78 картоп жинайтын комбайн мен 75 картоп қазғыштың күшімен картоп жинау науқанын 22 күнде аяқтау көзделіп отыр, – деп мәлім етті салалық басқарма басшысы.

Қуаншылық жағдайы Абай, Бұқар жырау, Нұра, Осакаров және Шет сынды бірқатар аудандардағы шаруашылықтарды орақ науқаны белгіленген мерзімнен ерте бастауға итермелегендей. Бүгіннің өзінде облыс бойынша 64,9 мың гектар дәнді дақыл орылып, 37 мың тонна астық бастырылды. Оның ішінде 24,4 мың тоннасы – бидай. Майлы дақылдардың 7,2 мың гектарынан 3,7 мың тонна өнім жиналса, ерте пісетін картоптың 200

гектарынан 240 тонна өнім алынды. Қыр аграрлардың бағалауынша, жаппай орақ науқаны тамыз айының соңында басталады. Облыс атаулы кезеңге тастүйін дайын. Астық қабылдау кәсіпорындары жаңа өнімді қабылдауға арналған материалдық-техникалық базасын әзірлей түсуде. Ал, картоп пен көкөністі сақтауға жалпы сыйымдылығы 340,2 мың тоннаны құрайтын 138 қойма әзір қалпында тұр.

Мәселен, Осакаров ауданында орақ науқанына 1 103 астық жинайтын комбайн дайындалған, техниканың әзірлік деңгейі – 100 пайыз. Шаруашылықтарды жанар-жағармаймен «Мұнай Company» және «Vektor Energy Oil» ЖШС қамтамасыз етуде. Бүгінде ауданда 22,5 мың гектар алқап орылып, әр гектардан орта есеппен 5,1 центнер өнім алынууда. Бұқар жырау ауданында орақ жұмыстары 136,7 мың гектар алқапты қамтиды. Науқанға 289 шаруашылық, оның ішінде, 58 заңды тұлға, 181 комбайн және 316-дан астам бірлік

қосалқы техника жұмылдырылған. Шаруашылықтарға литрі 295 теңгеден 3,1 мың тонна дизель отыны бөлінді. Нұра ауданында болса, биылғы жиын-герім алаңы 300,8 мың гектарды құрайды. Жемшөп дайындау да жоспарға сай жүріп жатыр. Бүгінге дейін шөп дайындау жоспарының 61,1 пайызы орындалған. Ал, картоп алқаптарымен танымал Абай ауданында биыл бұл дақылдың егіс көлемі 5 580 гектарға дейін ұлғайды. Қазірдің өзінде ерте пісетін сұрыптың алғашқы 200 гектарынан 2,4 мың тонна өнім жиналды.

«Қазгидромет» қосынының өкілдері де жаз айларында облыс бойынша жауын-шашын мөлшері орта есеппен норманың небәрі 57 пайызын құрағандығын жеткізді. Сарша тамыздың алғашқы онкүндігінде көрсеткіш 21 пайызға дейін төмендеген. Өңірдің батысы, шығысы және оңтүстігінде өрт қаупінің төтенше деңгейі сақталып отыр. Дегенмен, синоптиктер күзге қарай жағдайдың біршама

жеңілдейтінін болжап отыр. Қыркүйек айында ауа температурасы климаттық нормаға жакын, ал, жауын-шашын мөлшері қалыпты шамасында болады деп күтілуде.

Сонымен, облыс биылғы орақ науқанына абыржумен емес, айқын есеппен бетпе-бет келіп отыр. Қажетті техника дайын, жанар-жағармай бөлінген, астық қабылдайтын кәсіпорындар әзір, әр гектардың кисабы нақтыланған. Енді елімізден ТМД-ға қатысушы мемлекеттерге жекелеген өнеркәсіптік тауарларды, телекоммуникациялық және компьютерлік жабдықтарды, олардың бөлшектері мен материалдарын, сондай-ақ, авиация өнеркәсібіне қатысты бірқатар тауар түрлерін әкету рұқсат беру тәртібімен жүзеге асырылады.

Жаңа тәртіп бұған дейін берілген рұқсаттардың күшін жоймайды. Қолданыстағы рұқсаттар берілген мерзімі аяқталғанға дейін жарамды болады. Дегенмен, олардың қолда-

– Қысқы кезеңге қажетті жемшөпті уақытылы әрі жеткілікті көлемде дайындау, ауыл шаруашылығы техникаларын орақ науқанына толық әзірлеп, арзандатылған дизель отынын жеткізуді қамтамасыз ету – басты міндет. Өрмен қарай, жеке қосалқы шаруашылықтардың шөп дайындауына жағдай жасау үшін қордағы және орман қорындағы жерлерден жер учаскелерін бөлуді ұйымдастыруды тапсырамын. Ең маңыздысы, жемшөп бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу, ауыл шаруашылығы дақылдарын белгіленген мерзімде ысырапсыз жинап алу. Бұдан бөлек, 2027 жылғы егіс науқанына қажетті көлемде тұқым қорын қалыптастыру ісі де назарымыздан тыс қалмайды. Азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен картоп пен көкөністің маусымаралық кезеңдегі тұрақтандыру қорын қалыптастыру жөнінде меморандумдар жасасу қажеттігі күн тәртібінде, – деп тұжырын өз ойын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• РЕСМИ

Тауар экспортында жаңа талаптар

Сауда, өнеркәсіп, цифрландыру, қаржы және көлік салаларына жауапты министрліктердің бірлескен бұйрығымен жекелеген тауар түрлерін экспорттау мен импорттауға рұқсат беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің қанатқақты жобасы іске қосылды.

Сонымен бірге, қосымша құжатта Қазақстан аумағынан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (ТМД) қатысушы мемлекеттерге жекелеген тауар түрлерін әкетуге рұқсат беру тәртібі мен негізгі қағидалары айқындалған. Енді елімізден ТМД-ға қатысушы мемлекеттерге жекелеген өнеркәсіптік тауарларды, телекоммуникациялық және компьютерлік жабдықтарды, олардың бөлшектері мен материалдарын, сондай-ақ, авиация өнеркәсібіне қатысты бірқатар тауар түрлерін әкету рұқсат беру тәртібімен жүзеге асырылады.

Жаңа тәртіп бұған дейін берілген рұқсаттардың күшін жоймайды. Қолданыстағы рұқсаттар берілген мерзімі аяқталғанға дейін жарамды болады. Дегенмен, олардың қолда-

нылу мерзімі 2026 жылғы 31 желтоқсаннан аспауға тиіс. Рұқсаттар электронды форматта беріледі. Өтініштер «Электронды үкімет» веб-порталы арқылы қабылданып, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күнін құрайды. Экспортқа берілетін рұқсаттың қолданылу мерзімі тиісті күнтізбелік жылмен шектеледі. Ал, рұқсат алған тұлғалар оның мерзімі аяқталғаннан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде рұқсаттың орындалуы туралы ақпарат ұсынуға міндетті.

Жаңа тәртіпті бекіткен бірлескен бұйрық 2026 жылғы 23 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Өз тілшімізден

Жаңа жоба – жаңа серпін

Облыста ауылдар, аудан орталықтары мен шағын қалалардағы кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған «Іскер аймақ» жаңа бағдарламасы іске қосылды. Жоба аясында шағын және орта бизнес өкілдері өз кәсібін дамытуға 200 млн теңгеге дейін қаржы алады.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бағдарламаны «Даму» қоры жүзеге асырады. Мемлекет несие бойынша сыйақы мөлшерлемесінің номиналды ставкасының 40 пайызын субсидиялайды. Нәтижесінде кәсіпкер үшін несие мөлшерлемесі жылдық 12,6 пайыздан басталады. Субсидиялау мерзімі үш жылға дейін белгіленген. Қаражатты өндірісті іске қосуға немесе кеңейтуге, қажетті жабдықтарды сатып алуға, өзге де инвестициялық мақсаттарға және айналым қаражатын толықтыруға пайдалануға болады. Бағдарлама аясында ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу, азықтүлік, жиһаз, құрылыс материалдары, аяқ киім және қаптама өндірісі секілді бағыттарға басымдық берілген. Сонымен қатар, өңірлер жергілікті қажеттіліктерді ескері отырып, басым қызмет түрлерінің тізімін кеңейте алады.

Аймақта «Іскер аймақ» бағдарламасы маусым айында іске қосылған. Қазіргі таңда жалпы сомасы 221 млн теңге болатын алты жобаға қолдау көрсетілді. Олардың қатарында сүт өңдеу, бройлер етін өндіру, аяқ

киім, жеңіл металдан қаптама және терезе өндірісіне қатысты жобалар бар. Бұдан бөлек, тағы 48 жоба қаралу үстінде. Биыл бағдарламаға ел көлемінде 400 млрд теңге қарастырылып, шамамен 5 мың жаңа жобаны қолдау жоспарланған.

Кәсіпкердің кепіл мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда «Даму» қорының кепілдігін пайдалануға болады. Сонымен бірге, жабдықтарын жаңартуды көздеген бизнес өкілдеріне «Өрлеу – Лизинг» бағдарламасы ұсынылады. Оның аясында 500 млн теңгеге дейін қаржыландыру жылдық 12,6 пайызбен үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге беріледі. Бастапқы жарна 10 пайыздан басталады, қосымша кепіл талап етілмейді. Ал, ірі жобалар мен жұмыс істеп тұрған бизнесті дамытуға арналған «Өрлеу» бағдарламасы бойынша инвестициялық мақсаттарға 7 млрд теңгеге дейін қаржы алуға мүмкіндік бар. Қарыз мерзімі 10 жылға дейін, ал, соңғы қарыз алушы үшін сыйақы мөлшерлемесі жылдық 12,6 пайызды құрайды.

Айта кетейік, Қарағанды облысында 2026 жылдың басынан бері жалпы сомасы 700 млн теңгені құрайтын сегіз жоба қаржыландырылған.



КӘСІПКЕРЛІК

Жол жауапсыздықты кешірмейді


(Соңы. Басы 1-бетте)

Заң бұзған жүргізушіні анықтау – қауіптің бетін қайтарудың бір жолы болса, басты мақсатымыз – мұндай әрекетке мүлде жол бермеу. Сондықтан, алдын алу бағытында бақылау мен профилактикалық шаралар ұдайы жүргізіледі, – дейді Бағдат Кәкімов.

Жол үстіндегі катердің бәрі көзге бірден ұрына бермейді. Қарсы жолаққа шығу мен жылдамдықты шамадан тыс асыру тайға таңба басқандай анық аңғарылса, рөлде келе жатып телефонға алаңдау кейде елеусіз әрекет ретінде көрінеді. Алайда, облыста 2024 жылдан 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығына дейін көлік жүргізу кезінде ұялы телефон пайдалануға байланысты 20 мыңнан астам құқық бұзушылық анықталған.

Күнделікті такси қызметін пайдаланатын жолаушылар да мұндай жағдайға кезігіп жүр. Күнгей шығын ауданынан қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігіне баласын сабаққа апарып, өзі жұмысқа қатынайтын Фатима Төлеуқызы кей жүргізушілердің тізгін үстінде телефонға тым жиі алаңдайтынын айтады.

– Отағасы іссапарда болған кезде баламды сабаққа апарып, өзім жұмысқа жету үшін көбіне такси шақырамын. Кейінгі уақытта байқағаным – кейбір жүргізушілер көлік жүргізіп келе жатып телефонға жиі алаңдайды. Хабарлама оқып, қонқырауға жауап беріп отырады. Мұндайда жолаушы ретінде өзін де алаңдап қалады екенсің. Кейбірінің қауіпсіздік белдігін тақпайтынын немесе музыка дауысын шама-



Қолжазба жасаушы Айбек Рахымжан

дан тыс көтеріп қоятынын да кездестіреміз. Әрине, бәрін бірдей кінәлауға болмайды. Жол ережесін мұқият сақтап, байыппен жүретін жүргізушілер де көп. Айтарымыз – «сақтансаң, сақтайды». Рөлде отырған адам өзінің ғана емес, жолаушының да өміріне жауапты екенін естен шығармаса екен, – дейді Фатима Төлеуқызы.

Осы бағыттағы бақылау енді мүлде басқа деңгейге көшпек. Тамыз айынан бастап жол қозғалысы ережелерінің үш түрдегі келенсіздігін автоматты түрде анықтайтын аппараттық-бағдарламалық кешен іске қосылды. Қырағы камералар ендігі жерде жылдамдықты асырып, рөлде телефон ұстағаныңды бірден тіркейді.

Жауапкершілік – қауіпсіздіктің алғышарты

Жол қозғалысы қауіпсіздігі сөз болғанда балалар мәселесін айналып өту мүмкін емес. Соңғы үш жыл мен биылдың алғашқы алты айында көмелетке толмағандардың қатысуымен 639 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Соның салдарынан 54 бала қаза тауып, 737 бала жарақат алған.

Көлікте бүлдіршін баланы арнайы орындықсыз тасымалдау, қауіпсіздік белдігін елеуі немесе мектеп маңындағы өткелде жылдамдықты төмендетпеу ұсақ-түйек тәртіп бұзушылық емес. Мұндай салғырттықтың салдары ауыр болуы ықтимал.

– Осы мақсатта біз білім беру ұйымдарында жол қозғалысы ережелерін түсіндіру, жарық шағылыстыратын элементтерді пайдалану, жолдан абайлап өту жөнінде тұрақты профилактикалық іс-шаралар өткізіміз. Колледждер мен жоғары оқу орындарында да жастармен кездесулер өтіп, жол ережесін бұзудың салдарын жіті түсіндіреміз. Дегенмен, балаға жол ережесін үйрету қиыншылықты маңызды болса, ересектің оны өз әрекетімен көрсетуі де соншалықты қажет. Артық орындықта отырған бала жүргізушінің белдік таққанын да, телефонға алаңдағанын да, бағдаршам талабын сақтағанын да көріп өседі, – дейді Бағдат Кәкімов.

Бар жауапкершілікті жүргізушіге ысырып қою біржақты болар еді.

Жаяу жүргінші де – жол қозғалысының толыққанды куәгері хәм қатысушысы. 2023, 2024, 2025 жылдар мен биылдың алты айын қоса есептегенде жаяу жүргіншілердің қатысуымен 950 жол-көлік оқиғасы тіркелді. 110 адам қаза тауып, 832 адам жарақат алды. Ал, жаяу жүргіншілердің өз кінәсінен осы аралықта 57 апат болып, 10 адам көз жұмып, 48 адам жарақаттанған.

Қырағы «көз» қалт жібермейді

Қазір аймақта 198 арнайы апараттық-бағдарламалық кешен жұмыс істейді. Оның 120-сы жолдың түзу учаскелерінде жылдамдық режимін бақылайды. 28 кешен қиылыстарда бағдаршамның тыйым салатын белгісіне өту мен жолдың қозғалысқа шектеу жасалған (стоп) сызығын кесуді тіркесе, 22 кешен жаяу жүргіншілер өткелінде жол бермеу фактілерін анықтайды. Бұдан бөлек, жылдамдықты бақылайтын 28 мобильді кешен бар.

Техникалық бақылаудың ауқымын тіркелген құқық бұзушылықтар айғақтайды. Былтыр автоматты камералар жылдамдықты асырудың 200 мыңнан астам фактісін анықтаса, биылдың алғашқы алты айының өзінде бұл көрсеткіш 100 мыңнан асқан. Ал, дрондар өткен жыл мен биылғы алғашқы жартыжылдықта қарсы қозғалыс жолағына шығудың 100-ден астам дерегін тіркеген.

Бағдат Кәкімовтің айтуынша, автоматты камералар арқылы ең жиі анықталатын құқық бұзушылық – жылдамдықты асыру. Ал, дрондар көбіне қарсы қозғалыс жолағына шығу фактілерін тіркейді. Өйтсе де, жүздеген камера мен дрон жүргізушінің орнына шешім қабыл-

дамайды. Олар заң бұзылған сәтті тіркейді, қауіптің бетін аңғары. Ал, ережеден аттау-аттамау тандауын рөлдегі адамның өзі жасайтынын қаперден шығармау керек.

Бір сәттік қателіктің құны

Статистика жолдағы ахуалды аңғартқанымен, оның шын салмағы нақты оқиғалардан сезілсе керек.

6 маусымда таңғы сағат 07:15 шамасында «Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Шідерті» күрежолында Дубовка кентінен Актас бағытына қарай келе жатқан «Chevrolet Cobalt» жүргізушісі рөлге ие бола алмай, қарсы қозғалыс жолағына шығып кеткен. Соның салдарынан көлік қарсы бағытта келе жатқан «Opel Vectra»-мен бетпе-бет соқтығысқан. Бір адам қаза тауып, төрт адам жарақат алған.

Ал, 2025 жылғы 10 тамызда түнгі сағат 23:10 шамасында «Астана-Қарағанды-Алматы» автожолының Батпақты мен Ошағанды ауылдары арасындағы бөлігінде Қарағанды бетін алған «Toyota Alphard» жол жиегіне аударылған. Апат төрт адамның өмірін кияп, тағы төрт адамды жарақаттаған.

Екі оқиға – екі бөлек уақыт, екі бөлек жол. Өйткенмен, түйін біреу. Жол үстінде ұсақ-түйек қате болмайды. Қарсы жолаққа шығу, рөлге ие бола алмау, шаршау немесе назардың бөлінуі санаулы секунд ішінде орны толмас қайғыға айналуды мүмкін.

Жол ұзақ болуы мүмкін, сапар асығыс болуы мүмкін. Десе де, ешбір жеке адам өмірінен қымбат баға төлеудің қажеті жоқ. Өйткені, жолдағы ең үлкен қауіп – кейде жолдың өзі емес, жауапсыз шешім.

• ПІКІР

Жарқын болашақ үшін дауыс береміз

Бүгінде қазақстандықтардың алдында бірлікті, ашық диалогты және бірлескен жұмысты талап ететін маңызды міндеттер тұр. Қазіргі Құрылтай сайлауында әрбір азаматтың дауысы маңызды, ал, әрбір ұсыныс оң өзгерістердің негізіне айналуы мүмкін.

Кәсіподақ қозғалысы сайлау процестерінде әрдайым сын-дарлы азаматтық белсенділік танытып келеді. Өйткені, еңбек адамының әлеуметтік-еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғауға қатысты барлық мәселелер заңнамалық тәртіпте, ашық қоғамдық диалог пен әлеуметтік әріптестік арқылы шешіледі.

Тек бірлескен күш-жігердің арқасында ғана өзекті мәселелердің тиімді шешімдерін таба аламыз, кәсіподақ қозғалысының бірлігін нығайтып, еңбек адамдарының беделін арттырып, еңбек ұжымдары мүшелерінің одан әрі дамуы мен әл-ауқаты үшін қолайлы жағдай жасай аламыз.

Болат ЖҰМАБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы
Кәсіподақтар
Федерациясының Қарағанды
облыстық Кәсіподақтар
орталығының төрағасы

Ел тілегі – ертеңге аманат



Құрылтай сайлауы қарсаңында саяси партиялар Қарағанды облысында сайлауалды науқан аясында бірқатар шара өткізді. Партия өкілдері тұрғындармен және түрлі сала мамандарымен кездесіп, өздерінің сайлауалды бағдарламаларын, әлеуметтік-экономикалық даму, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, экология, білім беру және өндірідегі өзекті мәселелерді талқылады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтсақ, «Әділет» Партиясының өкілдері Әлихан Бөкейхан ауданындағы №11 емхана ұжымымен кездесті. Жиын барысында партияның ұстаымы мен сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылды. Кездесуде денсаулық сақтау саласын дамыту мәселесіне ерекше назар аударылды.

Медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, медицина қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсарту сөз болды. Партия өкілдері алдағы Құрылтай сайлауының маңыздылығына тоқталып, азаматтарды сайлау процесіне белсенді қатысуға шақырды.

Ал, «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының» облыстық филиал өкілдері Қарқаралы ауданының тұрғындарымен кездесу өткізді. Жиынның негізгі мақсаты партияның сайлауалды бағдарламасын таныстыру, өзекті қоғамдық және әлеуметтік мәселелерді талқылау болды. Сонымен бірге, аудан тұрғындарын алаңдатқан басым проблемаларды анықтау көзделді.

Кездесу барысында партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған ұсыныстар түсіндірілді. Өндірі дамытуға қатысты жоспарлар мен бастамалар айтылды.

«Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы» Балқаш қаласында халықпен үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Қалада баннерлер орналастырылып, насихат материалдары таратылды. Халықпен бірқатар кездесулер өткізілді.

Кездесулер барысында партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі ережелері, басты басымдықтары, мақсаттары мен ұсыныстары түсіндірілді. Елдің одан әрі әлеуметтік-экономикалық және экологиялық дамуына, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға назар аударылды.

Қазақстан Халық партиясының Нұра ауданының тұрғындарымен кездесуі өтті. Жиында партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылды. Кездесуде халықтың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, еңбек адамының құқықтарын қорғау және өндірілді дамыту мәселелері талқыланды.

ЖАСАМПАЗДЫҚ

«Заңнама талаптары жан-жақты түсіндірілуде»

Қазақстанда 23 тамызда Құрылтай депутаттарының сайлауы өтеді. Еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды науқанға дайындық барлық өңірде жоспарлы түрде жүргізілуде.

Сайлау учаскелерінің әзірлігі, ұйымдастыру жұмыстарының барысы, сайлаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету және дауыс беру жүйесінің заң талаптарына сай өтуі – басты назарда. Осыған орай аудандағы сайлау науқанына дайындықтың жай-күйі туралы Ақтоғай ауданының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Ерлан Мірасілұлы Әбеумен сұхбаттасқан едік.

– Ерлан Мірасілұлы, 23 тамызда өтетін Құрылтай депутаттарының сайлауына Ақтоғай ауданының дайындық жұмыстары қалай жүргізілуде?

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 Жарлығына сәйкес, биыл 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Осы маңызды саяси науқанға дайындық Ақтоғай ауданында жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы бекіткен Құрылтай депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізудің күнтізбелік жоспарына сәйкес барлық ұйымдастыру іс-шаралары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Сайлау учаскелерін әзірлеу, комиссиялардың жұмысын үйлестіру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және комиссия мүшелерін оқыту бағытындағы жұмыстар белгіленген жоспарға сай орындалуда. Жалпы, ауданда сайлауды заң талаптарына сәйкес өткізу үшін қажетті дайындық жұмыстары тиісті деңгейде ұйымдастырылған.

– Биылғы Құрылтай депутаттарының сайлауын өткен сайлау науқандарымен салыстырсақ, қандай ерекшеліктер бар? Биыл сайлаушылар нені ескергені жөн?

– Сайлауға жеті партияның қатысуы елдегі саяси бәсекелестіктің артып келе жатқанын көрсетеді. Бұл азаматтардың мемлекеттің болашағына деген қызығушылығы мен саяси жауапкершілігінің қалыптасқанын аңғартады. Ал, пропорционалдық сайлау жүйесі партиялар арасындағы бәсекені күшейтіп, олардың халық алдындағы жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан, Құрылтай депутаттарының сайлауы – кезекті саяси науқан емес. Қазақстанның жаңғыру жолындағы жаңа белесі, жаңа саяси кезең.

Биыл 2026 жылғы 23 тамызда өтетін Құрылтай депутаттарының сайлауына қатысу үшін сайлаушылар өзінің тіркеу орнын, сайлаушылар тізіміндегі деректерін алдын ала тексеріп, жаңа заңнамалық өзгерістерді ескеруі қажет.

– Ауданда қазіргі таңда қанша сайлау учаскесі жұмыс істейді? Олардың материалдық-техникалық дайындығы қалай?

– Құрылтай депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу кезеңіне аудан бойынша 1 аумақтық сайлау комиссиясы, 25 учаскелік сайлау комиссиясы тартылады.



Оның ішінде, аумақтық сайлау комиссиясы құрамында – 7 мүше, учаскелік сайлау комиссиясы құрамында 153 тартылған. Барлығы 160 комиссия мүшелері жұмыс атқарады.

Ақтоғай ауданы бойынша 25 учаскелік сайлау комиссиясы жұмыс істейді. Олардың құрамында 153 комиссия мүшесі қызмет атқарады.

Аудан көлеміндегі сайлау учаскелері Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы бекіткен нұсқаулыққа сәйкес дауыс беруге арналған үй-жайлар мен дауыс беру пункттері сайлау кезеңіне материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, комиссия мүшелерінің даярлығын жетілдіруге ерекше көңіл бөлінуде. Арнайы оқу семинарлары мен түсіндіру жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес өткізілді. Сонымен қатар, сайлау заңнамасындағы талаптар жан-жақты түсіндірілуде.

– Сайлаушылар тізімін нақтылау жүргізілді ме? Азаматтар өздерінің қай учаскеде дауыс беретінін қалай біле алады?

– Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті тіркелікті атқарушы орган жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жердіктің атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізілген.

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап, сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады.

– Сайлау күні заңдылық пен ашықтықты қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қарастырылған?

– Құрылтай сайлауы – азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысуына мүмкіндік беретін маңызды демократиялық үдеріс. Сайлау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұйымдастырылып, оның барлық кезеңі заң талаптарының сақталуы негізінде өткізіледі. Бұл сайлаудың ашықтығын, әділдігін және әрбір азаматтың құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді.

Сайлау науқаны басталғаннан кейін азаматтарға дауыс беру күні, сайлау учаскесінің орналасқан жері және дауыс беру тәртібі туралы ресми ақпарат қолжетімді болады. Әрбір сайлаушы өзінің қай сайлау учаскесіне тіркелгенін алдын ала тексеріп, қажет болған жағдайда сайлаушылар тізіміндегі мәліметтерін нақтылай алады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрбір азамат өз таңдауын еркін білдіруге және дауысын жасырын түрде беруге құқылы.

Дауыс беру барысында ешкімнің сайлаушының таңдауына ықпал етуіне жол берілмейді. Сайлау комиссиялары заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етіп, дауыс беру рәсімінің белгіленген тәртіпке сай өтуіне жауап береді.

– Дегенмен, сайлау кезінде түрлі ақпарат тарауы мүмкін ғой?

– Иә, сайлау кезеңінде түрлі ақпарат таралатындықтан, азаматтардың мәліметті тек ресми дереккөздерден алғаны маңызды. Үкілетті мемлекеттік органдар мен сайлау комиссиялары жариялаған ақпарат қана сенімді әрі ресми болып табылады. Бұл жалған ақпараттың таралуына жол бермей, қоғамның дұрыс ақпаратқа сүйене отырып, шешім қабылдауына ықпал етеді.

Сайлауға қатысу – әрбір азаматтың Конституциямен кепілдік берілген құқығы әрі азаматтық жауапкершілігінің көрінісі. Сайлау рәсімдері туралы жан-жақты хабардар болу, заң талаптарын сақтау және ресми ақпаратқа сүйену сайлау науқанының ашық, әділ және ұйымдасқан түрде өтуіне негіз болады.

– Сайлаудағы байқаушылар мен бұқаралық ақпарат құралдарының мәртебесі жайлы айтып өтсеңіз...

– ҚР Сайлау туралы конститу-



циялық заңға сәйкес байқаушылар мен бұқаралық ақпарат құралдарының мәртебесі учаскелік сайлау комиссиясында ол туралы деректерді есепке алу журналына енгізіліп, тіркелген сәттен басталады. Учаскедегі дауыстарды санау хаттамасын жоғары тұрған комиссияға беру аяқталғаннан кейін, сондай-ақ, ҚР заңнамасы бұзылған жағдайда байқаушы өз мәртебесін жоғалтады.

Байқаушылар мен бұқаралық ақпарат құралдары барлық талап етілетін құжаттар ұсынылған және сайлау комиссиялары тарапынан барлық рәсімдік шешімдер қабылданған кезде ғана тиісті құқықтар мен міндеттерге ие болады.

Сайлауды байқау үшін жеке тұлғаны жіберген заңды тұлғаның құжатына өкілеттігі ұйымның құрылтай құжаттарымен, ұйым басшысының өкілеттік беру туралы өкімдік құжаттарымен немесе ұйым атынан белгілі бір іс-әрекеттерді орындауға сенімхаттармен расталатын заңды тұлға қол қоюға тиіс.

Бұл құжат байқаушыны жіберген ұйымның мөрмен расталады және байқаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жарамды болады. Бұл ретте заңды тұлға беретін құжат жеке тұлғаға берілетін өкілеттіктердің шекараларын, осы тұлға туралы мәліметтерді (тегі, аты және әкесінің аты) нақты айқындауға, сондай-ақ, өкілеттіктерді орындауға кедергі келтіргенін шектеулердің жоқтығы туралы жазбаны қамтуға тиіс. Сайлау процесіне қатысу, сайлау учаскелерінде байқау және тұтастай алғанда азаматтардың саяси құқықтарын іске асыру саласындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктер ұйым жарғысының көшірмесімен расталуға тиіс.

Осылайша, ҚР саяси партияларының, басқа да қоғамдық бірлестіктерінің, коммерциялық емес ұйымдарының байқаушылары Қазақстан Республикасының азаматтары болуы тиіс. «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» конституциялық заң ұлттық байқаушыларға дауыс беру барысына және оның қорытындыларын шығаруға кедергі келтірмей, фото, аудио және бейнежазбалар жасау құқығын береді.

Байқаушы жүргізген фото, аудио және бейнежазбалар азаматтық, қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

– Елдің болашағына бейжай қарамайтын әрбір ақтоғайлық азаматқа айтатын үндеу немесе тілегіңіз бар ма?

– Ақтоғай өңірінің тұрғындарын алдағы 23 тамызда өтетін Құрылтай депутаттарының сайлауына белсенді қатысуға шақырамын. Құрылтай сайлауы – еліміздің дамуына ықпал ететін маңызды оқиға. Сондықтан әрбір азамат өзінің азаматтық жауапкершілігін танытып, сайлауда өз таңдауын жасағаны абзал. Ортақ іске ұлес қосу – әрқайсымыздың борышымыз.

– Жауабыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Аяулым СОВЕТ
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңалық әрқашан жаныңызда!

<https://ortalyq.kz/>

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

• БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Ой сергітіп, бой шынықтырып...

Облыста Спорт күніне орай қала мен аудандарда 36 спорттық іс-шара ұйымдастырылған. Оған 3500-ден астам тұрғын қатысып, саламатты өмір салтын қалыптастыруға серпін берді. Мерекелік шаралардың бірі Қарағанды қаласының Орталық мәдениет және демалыс саябағында да өтті. Оған 500-ге жуық тұрғын қатысып, спорттық белсенділікке бір кісідей атсалысты. Шараға Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Нұрлан Әшірбек қатысып, жиналған қауымды Спорт күнімен құттықтады.



Таңғы жаттығуды спорт саласының білікті мамандары мен тәжірибелі спортшылар өткізді. Атап айтқанда, қаратәден халықаралық дәрежедегі спорт шебері Валерий Боккий мен оның жұбайы, мәнерлеп сырғанаудан Қазақстан Республикасының спорт шебері Татьяна Шумская қатысушыларға жаттығу кешенін ұсынды. Сондай-ақ, WKF қаратәсінен КР спорт шеберлігіне үміткер, халықаралық турнирлердің жеңімпазы әрі Қазақстан чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері Дана Дукуева да таңғы жаттығуға арнайы қатысып, жаттығу өткізді.

Жексенбілік жаттығу сағат 8:00-де басталған. Саябақ сахнасына жиналған тұрғындар арасында балалардан бастап, аға буын өкілдеріне дейін бар. Бірі спортпен тұрақты айналысса, енді бірі таңғы жаттығуға алғаш рет қатысып отыр. Дегенмен, барлығын біріктірген ортақ мақсат – денсаулықты нығайтып, күнді көтеріңкі көңіл күймен бастау.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралардың басты мақсаты – спортты әр адамның күнделікті өмір салтына айналдыру. Өсіресе, таңғы жаттығулардың бұқаралық сипат алуы тұрғындардың спортқа деген қызығушылығын көрсетеді. Валерий Боккий болса, өз сөзінде дене жат-

тығуын тұрақты әдетке айналдыру үшін міндетті түрде кәсіби спортшы болудың қажеті жоқ екендігін баса айтты.

– Таңғы жаттығудың адам денсаулығына пайдасы зор. Ең бастысы – спортпен айналысуды кейінге қалдырмай, оны күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналдыру. Бүгін саябаққа жиналғандардың әрқайсысы өзіне және денсаулығына көңіл бөліп отыр. Бұл – қуантарлық жағдай. Осындай бұқаралық шаралар адамдарды бір ортаға топтастырып, жастарға үлгі көрсетуге мүмкіндік. Спортпен тұрақты айналысқан адамның денесі шымыр, ойы сергек, көңіл күйі көтеріңкі болады. Сондықтан, барша тұрғынды қозғалысты өмір салтын ұстанып, денсаулығына жауапкершілікпен қарауға шақырамын, – дейді Валерий Боккий.

Осындай бұқаралық спорттық шаралар тұрғындарды белсенді өмір салтына баулып, қоғамның сергек әрі саламатты болуына ықпал ететіні сөзсіз. Сондықтан, мұндай іс-шаралар әр адамның күнделікті өмір салтының ажырамас бір бөлігіне айналса деген тілек бар.

Өз тілшімізден

Сурет дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• ХОККЕЙ

Өз тобында көш бастады

Хоккейден Қазақстан кубогы бәсекесі басталды. Қарағандылық «Сарыарқа» жеребе қорытындысы бойынша «В» тобына түскен. Күні кеше жерлестер Павлодардың «Ертіс» және рудныйлық «Горняк» клубымен кездесіп, қарсыластарын 4:2 және 6:3 есебімен жеңді. Нәтижесінде, 4 ұпаймен өз тобында көш басына шықты.

Ербөл ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы Қазақстан кубогы додасына елдің үздік 10 клубы қатысуда. Командалар жеребе қорытындысы бойынша «А» және «В» топтарына бес-бестен бөлінген. Жарыс ережесіне сәйкес, топтық кезеңдегі кездесулер бір ойыннан ғана тұрады. Әр топта жоғары ұпай жинаған үздік екі командаға жарыстың жартылай финалына жолдама берілімек. Бұл кезеңде де командалар ақтық кезеңге дейін бір ойыннан ойнайды. Айта кетейік, жартылай финалдық кездесулері 24 тамызда, ал, шешуші финалдық бәсеке 25 тамызда өтеді.

«Сарыарқа» өз тобында Петропавлдың «Құлагері», Атыраудың «Бейбарыс», Рудныйдың «Горнягы» және Павлодардың «Ертісімен» бірге сынға түсуде. Бүгінде жерлестер топтық кезеңдегі екі кездесуін өткізіп үлгерді. Енді 18 тамызда «Бейбарысқа», 19 тамыз «Құлагерге» қарсы ойнайды.

«Сарыарқаның» топтағы қалған қарсыластары – «Бейбарыс» пен «Құлагер» клубы. Қарағандылық клуб бұған дейін бұл командаларға қарсы талай мәрте мұз айдынына шыққан. Мәселен, былтыр «Бейбарысқа» қарсы бес кездесу өткізіп,



оның төртеуінде жеңіске жетті. Ал, биыл жыл басынан бері атыраулықтармен екі рет кездесіп, бір ойында басым түскен.

«Құлагерге» қарсы былтыр жеті ойын өткізіп, соның бесеуінде жеңсе, биылғы екі кездесуде де петропавлдықтардан айласын асыра алмаған. Дегенмен,

«Сарыарқаның» соңғы ойындардағы тұрақты нәтижесі, командалық қазіргі құрамы мен ойын мәнерін ескерсек, ел кубогының жартылай финалына шығуға мүмкіндігі жоғары.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 • Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. • Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. • Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. • Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнелігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 264 №89 талпырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды к., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жамал СОВЕТҚЫЗЫ
